

Осы жұрнақтардың да іштей айырмасы бар, бұлардың ішінде бір –екі ғана туынды үстеу жасап, өзінің сөзжасамдық қызметін тоқтатқан, бірлі-жарым туынды үстеулердің құрамында ғана сақталған жұрнақтар бар, олар **өлі жұрнақ** саналды. Олар мыналар: - **бай** (жолшыбай), -**ре** (үдере), -**еу** (шетеу), -**шау** (оқшау), -**ғаш** (алғаш), -**е** (іле), -**ең** (желен), -**діз** (күндіз), -**кірім** (кешкірім), -**зде** (ілезде), -**и** (жори), -**та** (жорта), -**ақана** (қасақана), -**дік** (әредік), -**неу** (көрнеу), -**ыл** (қапыл).

Сөзде өлі жұрнақ бары көбіне түбір сөзге қарап ажыратылады. Бұл өлі жұрнақпен қолданылған уәждеме сөздердің бәрі – тілде бұл жұрнақтарсыз қолданылып жүрген сөздер, сол арқылы олардың уәждемелік қызмет атқарып тұрғаны анықталды. Мысалы, жолшының тілегі, үдей түсті, шет кетті, оқтын – оқтын келеді, (оқ бойы алыс), алда отыр, ілуде біреу, іле кетті, желдей есті, күн сайын, кеш батты, жора-жолдас, қас адам, әрі жүр, мынаны көр, қапы қалма. Мұнда өлі жұрнақпен қолданылған уәждеме сөздердің ол жұрнақтарсыз тілде қолданылатыны дәлелденді. Алайда, тілде үстеудің өлі жұрнақтары көп екені анық байқалды.

Қорыта келгенде, үстеуде өте өнімді жұрнақтар бары, олардың кейбірі арқылы жасалған туынды үстеулер саны мыңға тарта екені анықталды. Мұндай дерек бұрын ешбір жұрнақ туралы ғылымда кездеспеді. Осыған қоса жүздің маңында туынды үстеу жасаған жұрнақтар да

өте өнімді, сөзжасамда белсенділік қызмет атқарады деп саналды.

Барлық сөз табының құрамында кездесетін өнімсіз жұрнақтар үстеуде де бар. Үстеу жұрнақтарының бір ерекшелігі – мұнда өлі жұрнақтар көп болып шықты. Бұл тіл дамуының тағы біререкшелігі, үстеудің көне сөзжасам жүйесінің бір көрінісі.

Сонымен, жүзден мыңға дейін туынды үстеу жасаған жұрнақтары бар үстеуді морфологиялық тәсілмен жұрнақ арқылы туынды үстеу жасамайтын сөз табы деп санаудың қате пікір екені нақтылы тілдік деректер дәлелдеді.

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Университеттер мен педагогикалық институттың филология факультеттеріне арналған оқу құралы, «Мектеп», А., 1991. - 381 б.

2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: «Ғылым». 1989. - 367 б.

3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. А., 2002. - 189 б.

4. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері (оқу құралы). - Алматы: «Арыс». 2002. - 148 б.

5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы. «Рауан», 1998. - 303 б.

В статье рассмотрены словообразовательные суффиксы наречий современного казахского языка. Суффиксы подразделены на две категории: продуктивные и непродуктивные.

The article deals with word-forming suffixes of modern Kazakh language adverbs. The suffixes are classified as productive and non productive.

А. Тасымов

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕР

Жергіліктің халық тілінің ерекшеліктері тіл фактілері арқылы ғана анықталады. Халықтың сөйлеу тіліндегі негізгі ерекшеліктерді толық қамтып, тіл фактілерін салыстырып, жан-жақты зерттегенде ғана диалект мәселелері дұрыс шешіледі. Күнделікті өмірдегі ең қажетті ұғымдар мен түрлі құбылыстарды білдіру үшін қолданылатын сан алуан лексикалық элементтердің (ай, жер, су, мал, ақ, қара, көру, айту т.б) бәрін де біз жергілікті қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінен таба аламыз. Халық сөйленістерінің әр алуан диалектілік ерекшеліктері бар. Ол әр алуан ерекшеліктердің бір бөлігі сөйлеу тілінің лексика саласында, сөз тұлғалары

мен мағыналарында айқын сезіледі. Сөйленістегі лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретінде танылса, кейбір лексикалық құбылыстар көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты болады.

Жергілікті халық тілінде кездесетін лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздегі белгілі сөз тудырушы жұрнақтардың жәрдемімен жасалған туынды сөздер. Қазақ диалектологиясында қалыптасқан дәстүр бойынша тіліміздегі диалектизмдерді заттық мағынасына қарай өзара бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Біз сөз еткелі отырған тақырыбымыз:

Табиғат құбылыстарына байланысты сөздер

Алағаншық - суық жел. Бізде күншығыстан соққан желді *алағаншық* дейді. *Алағаншық* соққанда күн суытады (Шу сөйленісі). Көкшетаудың еңбекші ауданы тұрғындары тілінде **ақбайтал** үскірік боран. Қыста *ақбайтал* күндерінде суық болады.

Дем - ыстық. Биыл жазда *дем* болды(Шу).

Жел-сәуір - жаңбыр жаумай желдетіп өте шыққан бұлт. *Жел-сәуірде* ауа райы жаман болады (Шу сөйленісі).

Мекия - сахара, ен дала. Біз *мекияның* даласында жүрміз (Шу).

Керімсал - 1. Күннің біресе ыстық, біресе суық болуы. 2. Ыстық жел, аңызак. Мысалы: Мен сорлыға күйігін тарттырғалы, тоқтатты соғып тұрған *керімсалды* (Қыз.).

Жазтұры - жазғытұры. *Жазтұры* су тасиды (Астрахань).

Жасыл - найзағай. Ол бойлай *жасыл* түскір деп қарғайды (Саратов).

Көріс айт - 1. Ескіше жыл басы (наурыз). *Көріс айтта* үлкен кісілердің есігін түртіп тұрамыз. 2. Наурыз айт. *Көріс айт* жұрттың жасқа шыққан айты (Саратов).

Қамал - наурыз. *Қамал* туғасын жылбасы болғаны (Саратов).

Қосақкемпір - кемпіркосақ. *Қосақкемпір* шықты, енді бұлт тарқайды.

Өнеш - құйын (Саратов). *Өнеш* суды сорғанда, су ортайып қалады.

Сазаған - құйын. Дауыл тұрғанда ұйқы тұйқы болып, *сазаған* үйді құлатып кетеді.

Шайтан таң - таңертең, ерте. Ол *шайтан таңда* тұрып, мал жаюға кетті (Сар.).

Жам - теңіздің терең, өзек жері. Тымық күндері де *жамның* беті толқып жатады (Гурь., Маң.).

Желауыз - оңтүстік батыстан соғатын теңіз желі. *Желауыз* жиі соғып тұрады (Гурь., Маң.).

Қышын - солтүстіктен соғатын теңіз желі. Оның күшті түрін *қара қышын* дейміз (Гурь., Маң.).

Айлақ - теңіздің қолтығы. Кеме *айлаққа* келіп тоқтады (Гурь., Маң.).

Чат//шат - тау ішіндегі терең сай (Сем.).

Шұбарлы жер - ағашты, бұтақты жер. *Шұбарлы жерге* қар көп тоқтайды (Көкш., Шуч.).

Долы - бұршақ. Жемісімізді *долы* жауып ұрып тастады (Шымк., Лен.). Кейде д дыбысы л дыбысына ауысып *лолы* түрінде де айтылады.

Шабыр - ойлы қырлы жер. Білемін, оның үйі *шабырдың* ішінде еді (Қарағ.).

Жарын - келесі жыл, келер жыл. Қайрақбай бізге *жарын* келем деп отыр (Ақт.).

Қызыл жел - жазда соғатын ыстық жел. *Қызыл жел* жерді тез құрғатып жіберді.

Сырма - боран. Қысты күнгі *сырмада* қар иректеліп түседі (Б/с Қаз.).

Тұқан - су тасығанда қалған шұқыр суы. *Тұқыннан* ауыз су аламыз, ішуге жақсы болады.

Тұмба - жазғы қар суынан қалған шұңқыр суы. *Тұмбаның* суы тұщы болады.

Шәңге – ирек-ирек болып, сырма бораннан кейін түскен қар. Қыста қар кеткен соң, *шәңге* жүргізбейді.

Шамал - жел. Бізде чақмақтың *шамалы* деген болады. Өзбек, ұйғыр, қарақалпақ тілдерінде *шама* - жел деген сөз.

Көртұман - қараңғы, қалың тұман. *Көртұманда* кісі адасып кетеді. Бұл сөздің бірінші элементі (көр) тәжік тілінде соқыр деген сөз.

Чақпақ чағу - күн жарқылдау. Күн жазда *чақпағын чағады*.

Апай - ашық дала. Малды *апайға* жаю керек (Б/с Қаз.).

Жарықбас - ойлы шұңқыр жер. Қарашілікке баратын жолдың *жарықбасы* көп (Бс Қаз.).

Сызалы жер - көкорай, шалғын жер. Біздің аймақ *сызалы жер*.

Тосын жер - жаңа, тың жер. Малды *тосын жерге* жаю керек (Б/с Қаз.).

Түтік - ұйтқып соққан қатты боран. Қысты-гүні *түтікке* адам шыдай алмай, адасып кетеді (Б/с Қаз.).

Ерен-параң - таңертең. *Ерен-таранда* атты ұстап міндік те жолға шықтық.

Керіз - шөліркеген су жоқ кез. Қарамай дос жар кетер алды-артына, Шөл дала сортаң болған *керіз* түнде (Ж. Жантөбетовтен) Қырғыз тілінде керім болып айтылады.

Түлейлік - құмның арасындағы сексеуілді, бұталы жер. Сексеуіл мен жүзген *түлейлікте* өседі.

Белдепая - белес, қыр. Пішен ауыл *белдепаяның* астында (Б/с Қаз.).

Кез - екі таудың түйіскен жері, аша. Қойдың құлағына салынатын еннің бір түрі жергілікті халықтың тілінде *кез ен* деп аталады.

Еңіреу - терең, шұңқыр үңгір.

Үрпек - бұталы, шөбі қалың өскен дөң жер. Қоян *үрпекті* саралайды (Б/с Қаз.).

Боран-шашын – жауын-шашын. *Боран-шашында* байқап жүру керек (Б/с Қаз.).

Жалт - найзағай. Қараңғы түсіп *жалт* ойнап, күн жауа бастағасын, үй иесі қонағын жібермеді (Б/с Қаз.).

Көктеме - көктем. *Көктемеде* бұл бала мектепті бітіреді (Б/с Қаз.).

Көлшімек - азырақ суы бар, көлді ояң жер (Б/с Қаз.).

Ыза - сызды, дымқыл жер. **Ызаның** нақ жиегіне келіп, атының ерін сыпыра бастады (Б/с Қаз.).

Азан - таңертеңгі уақыт. Біз қалаға **азанда** жүріп кетеміз. Қарақалпақ тілінде де бұл сөз осы мағынада жұмсалады (Арыс, О/к Қаз.).

Майдан, бір майдан - біраз уақыт, біршама мезгіл. **Бір майдан** біздің ауылға да келіп кетсең не қылады. Қарақалпақ тілінде де осылай айтылады.

Жалақ - сортаң жер. Шыңғыстауда **жалақ** жерлер аз. Бұл сөз қырғыз тілінде де бар.

Қамбоз - күннің ыстық болуы. Бүгін күн **қамбоз** екен, өзіміз де, ат та шаршап қалдық.

Ұмпақ - майда құм. Алтын **ұмпақты** аралдар да болады. Бұл сөз ұнтақ сөзімен төркіндес (Б/с Қаз.).

Сонымен, Қазақстанның әр жерінен лексикалық ерекшеліктерге байланысты жиналған экспедиция материалдары табиғат құбылыстарына байланысты сөздерді саралап жазуға көп көмегін тигізді. Әрине, жоғарыда келтірілген

мысалдар 60жылдардың жемісі екені белгілі, бірақ сонымен қатар олардың ішінде 91ж және 2005ж қайтта зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жаңадан қосылған атаулар да жеткілікті. Демек, халықтың тіліндегі жергілікті сөздерді жинақтауда табиғат құбылыстарына байланысты атаулардың тұлғалық және мағыналық жағынан қолдану аясы өзгеше екеніне жазбаша жұмыс барысында көз жеткіздік.

1. Болатов Ж. //Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1960

2. Досқараев Ж. //Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1960

3. Омарбеков С. Маңғыстау қазақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер// Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1962

4. Сарыбаев Ш.// Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 4-шығыуы. Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1962

5. Тасымов А. Қазақ диалектологиясы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2005

6. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы: Ана тілі, 1991

Р. О. Туксаитова

БИКУЛЬТУРА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ РУССКОЯЗЫЧНЫХ КАЗАХСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ

Художественный билингвизм можно представить как диалог культур в особой форме. М.М. Бахтин, говоря о взаимодействии *своей и чужой* культур, обосновывал ценности общения и единения. Он подчеркивал мысль о взаимном обогащении культур при сохранении ими своеобразия: культуры не сливаются и не смешиваются, каждая сохраняет свое единство и открытую целостность, но они взаимно обогащаются [1]. Применительно к художественному билингвизму мы наблюдаем взаимодействие двух культур, не связанное с подавлением одного языка другим. Автор-билингв, обращаясь к русскому языку как к форме создания художественного произведения, в образной форме представляет динамическую оппозицию *свое – чужое*, демонстрируя возможность притяжения *чужого* и трансформации его в *свое*.

В билингвистическом художественном тексте русский язык опирается на казахскую культуру,

а казахская культура как система материальных и духовных ценностей народа воплощается в русскоязычном тексте. Текст как знаковая система ориентирован как на билингвов, так и на монолингвов и требует от инокультурного читателя погружения в другую культуру. Билингвистический текст отражает взаимодействие культур. Определенным кругом читателей подобный текст будет воспринят как содержащий элементы незнакомой культуры. Можно согласиться с утверждением о том, что все, что в «инокультурном тексте реципиент заметил, но не понимает, что кажется ему странным и требующим интерпретации, служит сигналом присутствия в тексте национально специфических элементов культуры» [2].

В языковом сознании фоновые знания закреплены с помощью различных единиц: слов, устойчивых словосочетаний, прецедентных высказываний. Н.В. Зайченко [3] предлагает